

ОӘЖ 371.3:81'367.625

**БИЛИНГВИЗМНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ
ЫҚПАЛЫ: АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ**

*Айнабекова А.Ж., Боранбай А.Б., Каиржанова Е.Е., Кенжеселді М.Е.,
Майданбек Ж.А., Молдаш А.Б., Сайлханова А.Д.
студенттер, Астана Халықаралық Университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы*

Ғылыми жетекші: Тажигалиева Гулзира Куанышевна
әлеуметтік ғылымдар магистрі, АІУ лекторы.

Бұл мақалада Астана Халықаралық Университетінің студенттері арасында билингвизмнің академиялық жетістіктерге ықпалы зерттелген. Зерттеу барысында екі тілде білім алу тәжірибесі бар студенттердің оқу үлгерімі, аналитикалық ойлау қабілеттері мен когнитивтік дағдылары талданды. Зерттеу нәтижелері билингвизмнің студенттердің пәндер бойынша білім деңгейін арттыратынын, шығармашылық ойлауға және көпмәдениетті ортада жұмыс істеуге дайындықты жақсартатынын көрсетті. Сонымен қатар, билингвист студенттердің әлеуметтік жауапкершілігі мен мотивациясының жоғары екендігі анықталды. Бұл зерттеу білім беру жүйесінде екі тілде оқытудың тиімділігін арттыру қажеттілігін дәлелдейді және билингвизмнің білім беру саласында маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Кілт сөздері: билингвизм, студенттер, тіл саясаты, үштілдік саясат, қазақ-ағылшын билингвизм, ғылыми терминология.

Кіріспе

Қазіргі әлемде билингвизм мәселесі білім беру жүйесінде ерекше орын алып отыр, әсіресе бірнеше тілде сөйлейтін аймақтарда. Билингвизм саласындағы мамандардың айтуынша, әлемде біртілділерге қарағанда қостілділер көп. Бұдан шығатыны, қазіргі әлемдегі қостілділікті норма деп санауға болады. Балалар үшін қостілділік те қалыпты сөйлеу дамуынан ауытқу емес.⁽¹⁾ Қазақстанда билингвизм білім беруді ілгерілету үкіметтің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін юлім беру жүйесінің бір бөлігі ретінде біріктіретін үштілдік саясаты арқылы қарқын алды. Бұл тәсіл студенттердің оқу үлгерімін арттыруға, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және жергілікті тілдердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақ-ағылшын

билингвизмінің студенттердің академиялық жетістіктеріне оң әсері бар, бұл олардың когнитивті дағдыларын дамытуға, заманауи ғылыми ақпараттарға қол жеткізуіне және білім беру процесінде көптілділіктің артықшылықтарын тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Бұл зерттеу Астана Халықаралық Университетінің студенттері арасында билингвизмнің олардың академиялық табыстылығына тигізетін ықпалын зерттеуге бағытталған. Аталған тақырыптың өзектілігі билингвизмнің студенттердің оқу процесіне, ақпаратты қабылдауына, ойлау қабілетіне және жалпы білім сапасына тигізетін әсерін түсінумен тығыз байланысты.

Зерттеу барысында студенттердің билингвистік тәжірибесі, тілдерді меңгеру деңгейі мен академиялық нәтижелері арасындағы байланыс талданады. Сондай-ақ, билингвизмнің оң және теріс ықпалын анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. Бұл зерттеу тілдік саясат, білім беру бағдарламалары және оқу процесін тиімді ұйымдастыру саласындағы маңызды ұсыныстар әзірлеуге ықпал етуі мүмкін.

Негізгі бөлім

Сауалнама арқылы біз Астана Халықаралық Университетінің студенттерінің билингвизмнің олардың оқу барысына, академиялық жетістіктерге және жалпы өміріне ықпалын зерттедік. Зерттеудің нәтижелері бойынша, 50 студенттің 90,9%-ы ағылшын және қазақ тілдерінде білім алатындығын растады. Бұл көрсеткіш көптілді білім берудің студенттер үшін кеңінен таралғанын және маңызды екенін көрсетеді. 95,5% студенттер билингвизмнің олардың академиялық жетістіктеріне оң әсер еткенін атап өтті, бұл көптілді білім алудың тиімділігі туралы оң қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Студенттердің 63,6%-ы билингвизмнің оқу процесіне немесе психологиялық жағдайына теріс әсер етпегенін мәлімдеді, бұл көптілді білім берудің психологиялық қиындықтар туғызбауы мүмкін екенін көрсетеді. Алайда, 36,4% студенттер билингвизмнің кейбір қиындықтарға немесе психологиялық қиындықтарға әкелгенін атап өтті. Бұл фактор оқу процесіне қосымша күш салуды және тілдер арасындағы балансты сақтауды қажет етеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері билингвизмнің студенттердің академиялық жетістіктеріне оң әсерін тигізетінін және оның психологиялық тұрғыдан маңызды қиындықтар туғызбайтынын көрсетті, бірақ кейбір студенттер үшін қиындықтар мен күрделі жағдайлар орын алғанын да анықтады.



1-сурет. Сауалнама нәтижелері

Топтық талдау зерттеулері бойынша Астана Халықаралық Университет студенттері ретінде біз өзара талдау өткізіп шықтық. Бұл зерттеуде басты мақсат қазақ-ағылшын билингвизмінің біздің жалпы академиялық жетістіктерімізге жеке деңгейлік ықпал көздерін талқылап өту болды. Талқылай келе осындай ойларды көп зерделедік:

Ең алдымен бірінші студенттің ойымен ағылшын тілінде оқулықтарды және мақалаларды оқу оңайырақ, себебі көптеген заманауи ғылыми еңбектер сол тілде жазылған. Бірақ қазақша сабақ барысында, әсіресе, күрделі ғылыми терминдерді түсіндіруде кейбір қиындықтар туындайды. Мысалы, кейбір ағылшын сөздері қазақ тілінде сәйкес келетін нақты баламасын табу қиын. Дегенмен, екі тілде оқу мен жазу маған әртүрлі көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Екінші студентіміз “ағылшынша жазбаша тапсырмаларды орындау мен үшін жеңілрек, себебі ойымды ағылшын тілінде еркін жеткізе аламын. Бірақ қазақша ғылыми жұмыстар жазғанда, ағылшын тіліндегі кейбір терминдерді қазақша дәл аудару немесе түсіндіру қиындау. Кейде қазақша сөйлемдерде ағылшын тіліндегі грамматикалық құрылымдарды қолданамын, бұл жазбамның стильдік сапасына әсер етуі мүмкін.”

Келесі студенттің ойынша, ағылшын тілінде материалды оқып, кейін қазақша баяндап бергенде кейде қиындық туындайды. Мысалы, ағылшынша терминдер мен концепцияларды қазақша жеткізгенде ойдың мазмұны толық сақталмайды. Бірақ бұл маған академиялық ортада икемділік береді. Сабақ барысында екі тілде ақпаратты игеру – үлкен артықшылық.

Басқа студенттің айтуы бойынша “ағылшын тілін жақсы меңгерген сабақтарға, әсіресе, зерттеулерге үлкен көмегін тигізеді. Бірақ қазақша мәтіндерді талдау барысында ағылшын тіліндегі білімдерді қолдану жөн санайды. Мысалы, ағылшынша жазылған ғылыми мақаладағы идеяларды қазақ тілінде дәл жеткізу қиынға соғады. Соған қарамастан, бұл маған аналитикалық ойлау қабілетімді дамытуға мүмкіндік береді. (2)”

Барлық қатысушылар билингвизмнің академиялық жетістіктерге оң әсер ететінін атап өтті. Олар екі тілде білім алудың мынадай артықшылықтарын көрсетеді:

- Ағылшын тілінде ғылыми дереккөздерге еркін қол жеткізу;
- Екі тілде ойлану арқылы мәселелерді түрлі көзқараспен қарау;
- Коммуникативті және аналитикалық қабілеттерін дамыту.

Сонымен қатар, қатысушылар қиындықтар ретінде:

- Қазақ тіліндегі ғылыми терминдердің ағылшын тіліндегі баламаларын табудың қиындығы;

- Тілдерді араластырып қолданудан туындайтын стильдік қателіктерді атап өтті.

Қатысушылардың көпшілігі екі тілде оқу мен жазудың артықшылықтарын атап өтіп, бұл әдіс олардың аналитикалық және коммуникативтік дағдыларын жақсартуға ықпал ететінін көрсетті. Қатысушылардың пікірлерінен байқалғандай, билингвизм академиялық жетістіктерге оң әсер етеді, алайда тілдер арасындағы айырмашылықтар мен терминология мәселелері әлі де кездеседі. Бұл когнитивтік резерв теориясын (Cognitive Reserve Theory) расстайды. Бұл теория бойынша екі немесе одан да көп тілде сөйлей алатын адамдарда мидың жұмыс істеу қабілеті жоғары болады. Тілдерді ауыстырып пайдалану когнитивтік икемділік пен жұмыс жадысын жақсартады. Осыған байланысты, билингвал студенттер академиялық ортада күрделі мәселелерді тезірек шеше алады. Сол себепті олардың академиялық жетістіктеріне оң әсер тиеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ-ағылшын билингвизмінің студенттердің академиялық жетістіктеріне оң ықпал ететіні анықталды. Қатысушылардың пікірлері екі тілде білім алу олардың аналитикалық және коммуникативтік қабілеттерін дамытып, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік беретінін көрсетті. Әсіресе, ағылшын тілінде заманауи ғылыми дереккөздерге еркін қол жеткізу көптеген жаңа көзқарастарға жол ашып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, билингвизмнен туындайтын кейбір қиындықтары да анықталды. Қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді ағылшын тіліне аудару немесе түсіндіру барысында кездесетін қиындықтар және тілдер арасындағы аралас стильдің туындауы студенттердің жазба жұмыстарындағы қателіктер мен тіл

тазалығының жойылуына әкелуі мүмкін. Бұл мәселелерді шешу үшін тілдік саясат пен білім беру бағдарламаларына қосымша өзгерістер енгізу қажеттілігі байқалады. Яғни, әлі де көптеген терминдер қазақ тіліне нақты аудармасы немесе түсіндірмесі болмағандықтан, аралас тіл саясатын қолдануға мәжбүрлейді. Бұл өз кезегінде жазба жұмыстарының сапасына әсер етуі мүмкіндігі жоғары.

Қорыта келе, билингвизм студенттердің академиялық табыстылығын арттырып, олардың болашақ кәсіби дамуына негіз бола алады. Дегенмен, тілдер арасындағы үйлесімділікті сақтау және терминология мәселелерін шешу қосымша зерттеулер мен ресурстарды талап етеді. Осы бағыттағы жұмыстар студенттердің білім сапасын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Чиршева Г.Н. Возрастная билингвология: учебник и практикум для вузов / Г. Н. Чиршева. — 2-е изд. — Москва: Издательство Юрайт, 2024. — 166 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-11315-0. — Текст: электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/542564>

2. <https://wol.iza.org/articles/impact-of-bilingual-education-on-student-achievement/long>

3. Costa A, Sebastián-Gallés N. How does the bilingual experience sculpt the brain? *Nat Rev Neurosci*. 2014 May;15(5):336-45. doi: 10.1038/nrn3709. PMID: 24739788; PMCID: PMC4295724.

4. A National Study of School Effectiveness for Language Minority Students' Long-Term Academic Achievement (T.Wayne, V.Collier). https://static1.squarespace.com/static/5d854ac170e64a71d1de71d3/t/5d9de96a091ee97fc216b378/1570630038328/2002_thomas-and-collier_2002-final-report.pdf

ВЛИЯНИЕ ДВУЯЗЫЧИЯ НА АКАДЕМИЧЕСКИЕ ДОСТИЖЕНИЯ: ОПЫТ СТУДЕНТОВ МЕЖДУНАРОДНОГО УНИВЕРСИТЕТА АСТАНА

*Айнабекова А.Ж., Боранбай А.Б., Каиржанова Е.Е., Кенжегелді М.Е.,
Майданбек Ж.А., Молдаш. А.Б., Сайлханова А.Д*

Научный руководитель: Тажигалиева Гулзира Куанышевна

В этой статье исследуется влияние двуязычия на академические достижения среди студентов Международного университета Астаны. В ходе исследования была проанализирована успеваемость, аналитическое мышление

и когнитивные навыки студентов, имеющих опыт двуязычного обучения. Результаты исследования показали, что двуязычие повышает уровень знаний студентов по предметам, улучшает творческое мышление и готовность работать в мультикультурной среде. Кроме того, было обнаружено, что студенты-билингвисты обладают высокой социальной ответственностью и мотивацией. Это исследование доказывает необходимость повышения эффективности двуязычного обучения в системе образования и показывает, что двуязычие играет важную роль в образовании.

Ключевые слова: билингвизм, студенты, языковая политика, трехязычная политика, казахско-английский билингвизм, научная терминология.

THE IMPACT OF BILINGUALISM ON ACADEMIC ACHIEVEMENTS: THE EXPERIENCE OF STUDENTS OF ASTANA INTERNATIONAL UNIVERSITY

*Ainabekova A.Zh., Boranbai A.B., Kairzhanova E.E., Kenzhegeldi M.E.,
Maidanbek Zh.A., Moldash. A.B., Seilkhanova A.D.*

Scientific supervisor: Tazhigalieva Gulzira Kuanyshevna

This article examines the impact of bilingualism on academic achievement among students of Astana International University. The study analyzed the academic performance, analytical thinking and cognitive skills of students with bilingual education experience. The results of the study showed that bilingualism increases students' knowledge of subjects, improves creative thinking and willingness to work in a multicultural environment. In addition, it was found that linguistics students have high social responsibility and motivation. This study proves the need to improve the effectiveness of bilingual education in the education system and shows that bilingualism plays an important role in education.

Keywords: bilingualism, students, language policy, trilingual policy, Kazakh-English bilingualism, scientific terminology.

REFERENCES

1. Чиршева Г.Н. Возрастная билингвология : учебник и практикум для вузов / Г. Н. Чиршева. — 2-е изд. — Москва : Издательство Юрайт, 2024. — 166 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-11315-0. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/542564>

2. <https://wol.iza.org/articles/impact-of-bilingual-education-on-student-achievement/long>

3. Costa A, Sebastián-Gallés N. How does the bilingual experience sculpt the brain? *Nat Rev Neurosci*. 2014 May;15(5):336-45. doi: 10.1038/nrn3709. PMID: 24739788; PMCID: PMC4295724.

4. A National Study of School Effectiveness for Language Minority Students' Long-Term Academic Achievement (T.Wayne, V.Collier). https://static1.squarespace.com/static/5d854ac170e64a71d1de71d3/t/5d9de96a091ee97fc216b378/1570630038328/2002_thomas-and-collier_2002-final-report.pdf